



Мектеп мұражайының экспонаттар қоры балаға тарихтың беймәлім, түсініксіз әлемін көзбен көріп елестетуде үлкен рөл атқарады. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелеріп насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

### **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА (1941-45) АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ, САНЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ**

**Адасхан А.Қ.**, магистрант  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан

Кеңес Өкіметі халықтарды ығыстырып, қоныс аударуға итермелеуі 1937 жылдан жүзеге аса бастады, Сталиннің бастамасы ұйытқы болып Жоғарғы Кеңестің қаулысы шарасы қолға алынып, жергілікті жатақтар, шаруалар үйреншікті мекенінен қол үзіп қала берді. Оның салқыны Қазақстанға салмақ салды, 30 жылдарында зұлмат аштықтан кейін титықтаған ел күйзелістен арылысымен атамекенге қиырдағы алысы берісі жоқ, сан халықтардың депортация ошағына айналды. Сонау төңкеріс алаңы мен қан майданда жастары әскерге тартылып, темірі зауыттарда оқ дәрі боп артылып, қыр да болсын, тылда болсын бір ішек болған жұрт көп тер төккені рас, ұжымдастыру әлегі қалыс қалмай, зиялыларын озбыр саясат оты шарпып өтті. Қуғын сүргін, репрессия жылдарында көршілес мемлекет асып кеткен рулар, қара тізімге тұрған тұлғалар бертін келе 70-80 жылдары ғана ақтала бастады. КарЛаг, Алжир іспетті абақты, лагерьлер Қазақстан аумағының түкпір түкпірінен жиылған қосақ арасында кеткен босқындар мен жергілікті тұрғындардың абақтысына айналды, сонымен қатар Сібірге жер аударылу сынды Қиыр Шығысқа қазақша айтқанда Итжеккен ге айдалу, жегілу ұрандары белең алды, осының бәрі соғыс қарсаңына дейін қарқында болған оқиғалар. 1941-45 Ұлы Отан соғысы қарсаңында елімізге алғаш лек болып кәріс диаспорасы келіп жетті, оны әсіресе Жерұйық деп аталып кеткен программамен қарсы алынды, одан кейін «Еділ бойындағы немістерді көшіру» жарлығымен эшелон эшелонмен неміс жұрты Қазақстан аумағына табан тіреді. Айтқандай 20 ғасыр бас кезіпде Столыпін реформасы мен орыс, украиндар жерімізге қоныс аударылып десятина жер бөлініп

Өкімет тарапынан, шаруашылығына қаржы бөлінді, мал бағумен көзі шыққан халқымыз солардан көрін, соқа тарттырып егін жай салуға көшті, ашаршылық жылдарында балықты талғажау етіп өлмес күнін көрді.

Өзге облыстар мен қатар Ақмола да қоныстандыру өлкесінде негізгі арена(алаң) да көрініс тапты, жүздеген мың кәріс, неміс, жолай вагонда осынау өлкеге түсірілді, Қырымнан татар, болгар беріден карачай, түркі месхетиндік этнос өкілдері қаз қатар боп тізіліп келе қалды, солардың ішінде кавказ таулы белден ингуш, шешен әлемінен ата жұртынан аласталып келген мыңдаған түтін отбасылар да көзге ұшырасты. Әкімшіл әміршіл солақай саясаттың желігінде бейбіт адамдар құрбан болды, мысалы қоныстандырылған жерлерге азын аулақ азық түлік, мардымсыз киім кешек үлестірілді, қақаған аяз да қыс кезінде кәрі жас, әйелдердің бойы жылымады, оларға қазақ халқы орталарынан орын ұсынып, кең қолтық танытты. Темір жолда жолай дәретке қысылған көптеген жандар ішінен сарылып мүрдем кетті, қысқасы қоныс аударылу орысша айтқанда «мягкой посадкой» болмады. Соңғы көш балхар, армян, күрдтер қарасы бой көрсетті, Сталин қыспағынан жапа шеккен, біздің ел ерекше табандылық көрсетіп шыдап бақты, ғаламат аштық та үштен екісі қырылып, кейбірі шекара асып, қалғаны қара шаңырақтан жылжымады, осындай қайсар халықтың тұқымы кейін 70 жылдары неміс автономиясы құрылуы мен 86 да Өкімет басына Колбиннің отыруына нокта салды.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында фашистік рейх Еуропадан Орталық Азия ға еніп, Ресей тарапы жылы жұмсақты алдымен одақтағы мемлекеттерден теріп алды, майданның алдыңғы шебіне құрама ұлттардың адам басын іріктеді. Бір ғана мысал ретінде кейбір тарихшылардың пайымдауынша германға бағытталған он оқтың сегізі Қазақстан топырағынан алынған металл, қорғасын екен. Сонымен қатар Патша үкіметі құлап, дербес Совет өкіметі құрылғаннан бастап, тап өкілдерімен күрес, кедейді байға айдап салып, нәтижесінде тәркіленіп, конфискаға ұшыраған орта және ірі шаруа қожалық талан таражға түсті, қараша халық салықты үсті үстіне сығымдалып жатты, Голощекин жоспарды норманы артық әрі жеделдету салдарынан қыста болмайтын жерлерге елді мекендерді орналастырып, жазда су, тұқым шықпайтын, өнім бермейтін шөл, қыс мезгілінде қойдың жүнін қырқып, салық етіп тұқымымызды тұздай құртып жібере жаздады. Оны кейін қазақ арасында «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген тәмсіл жұртымыздың қандай сойқан, құқай көргенін тақсыретін атап көрсетті. Тағы бір мәселе өз арамыздан тебіндеген шолақ белсенділер көзге көрсетіп өкіметке араздасқан адамдарды ұстап беріп жатты, қазақ зиялылары әр тарап болып қызылдар жақта Сейфуллин, Алашорда Алихан бастатқан, Түркістан комитеті тізгіні Мұстафа Шоқай ұстады.

Жалпы алғанда Ақмола облысы өте аз зерттелген осы уақытқа дейін, көбінесе Қиыр және Таяу Шығыстан депортацияға іліккендер Көкшетау округін басып өтіп, Қарағанды түзету мекемесі пунктін атқарып, үштен екісі Оңтүстік ке қарай ойысып, біршама бөлігі қырғыз бен өзбек ке тиесілі болып тәмәмдалды.[1]

Депортацияланған халықтарды орналастыру және олардың тұрмыстық жағдайы депортацияланған халықтардың статусына байланысты болды. Мәселен, кәріс қоныс аударушыларының статусы «әкімшілік қоныс аударушылар» болғандықтан, республикада орналастыру кезінде Қазақ КСР басшылығы оларды түзетуге мүмкіндік берді. Украин Кеңестік Социалистік Республикасынан қоныс аударылғандар поляктар мен немістер «кулак қоныс аударушылар» немесе «арнайы қоныс аударушылар» статусына ие болды, олардың үстінен бақылау ерекше қатал болды. Екінші Дүниежүзілік соғыс барысында депортацияланған Польша азаматтарының статусында маңызды өзгерістер болып жатты. Немістер, шешендер мен ингуштерге тағылған статус «арнайы қоныс аударылғандар» болды. Мемлекет басшылығы КСРО халықтарының теңдігін жариялағанына қарамастан, шын мәнінде жекелеген халықтарға қатысты саясат мүлде өзгеше болды, оны біз үкіметтің халықтарды күштеп қоныс аудару саясатынан айқын аңғарамыз. Ақмола облысына арнайы қоныс аударушыларды орналастыру кезінде басшылық депортацияланған халықтарды жергілікті халық арасында барынша «араластырып» жіберу мүмкіндігін қолға алды. Қоныс

аударылғандардың басым бөлігі облыстың ауылдық жерлеріне, яғни қазақ ауылдары мен орыс селоларына қоныстандырылды, соның нәтижесінде билік басындағылар депортацияланғандарды аса үлкен аумақтарда шашыратып орналастыруға қол жеткізді. Қоныс аударылғандар өздерінің ешқандай қателік жасамағандарын жақсы түсінді, бірақ олардың ұлттық белгісі қалыптасқан жағдайға себеп болып отыр, сондықтан қоныс аударушылардың басым бөлігі сәті салған кезде өздерінің тегін, ұлтын өзгертуге тырысты, әсіресе балалардың төл құжатын өзгертуге өтініш жасағандар өте көп болды.[2]

Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйедегі жаппай қуғын-сүргін кезеңіндегі негізгі жазалау шаралары тек жекелеген адамдарға ғана емес, сондай-ақ жекелеген халықтарға да қарсы қолданылды.

Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйедегі жаппай қуғын-сүргін кезеңіндегі негізгі жазалау шаралары тек жекелеген адамдарға, дін иелеріне, әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне ғана емес, сондай-ақ ұжымдық жауапкершілік ұстанымы бойынша жекелеген халықтарға да қарсы қолданылды. Тоталитарлық жүйе жеке халықтарды саяси қуғын-сүргін депортациялау, яғни күштеп жер аудару әдісін қолданды. Жер аударылған халықтар репрессия зардаптарының барлық түрін бастан кешірді. Ол жөнінде 1993 жылы 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңында көрсетілді. Жекелеген халықтарға мемлекет тарапынан әртүрлі қысымдар қолданылды: күштеп қоныс аудару; арнайы қоныстарға орналастыру; күштеп жұмыс істету арқылы құқықтарын шектеу; ұлттық ерекшеліктері жағынан мемлекетке өте қауіпті, сенімсіз халықтар деп тану.[3]

Күштеп қоныстандырудың зардабы өлшеусіз еді, оны басынан өткізгендер ешқашан ұмытпайды. Бұрын емір сүрген жерлерінде олар барлық дүние-мүлкін тастауға мәжбүр болды. Жүздеген мың «сенімсіз халықтарды», оның ішінде қарттар, әйелдер мен балаларды мал таситын немесе тауар таситын вагондармен әкелді. Егер жауапты адамдарға болмашы ғана наразылық білдірген жағдайда, сол жерде, тіпті пойыз жүріп келе жатып немесе аялдаған жерде, жазалайтын болған. Қазақстанда қоныстанушылар клубтарға, бос қалған мешіттерге, ат қораларға, шошқа қораларға, қоймаларға орналастырылып, мұндай орындар да жетпей қалғандары ашық аспан астында өздеріне жертөлелер қазып алды. Қоныстанушылар арасында эпидемиялық жұқпалы аурулар - іш аурулары, қызылша, дизентерия кең тарап, оба және тырысқақ аурулары, бит басу күшейіп кетті.

Климаттың күрт ауысуы, өте ауыр тұрмыс жағдайы, нашар тамақтану, антисанитарлық жағдайда емір сүру қоныс аударушылар арасындағы өлімді кедейтілді жіберді. Бұл жөнінде ПХК-ның қызметкерлерінің күпия мәліметтерінде: «Мұндай жағдайға жеткізуге болмайды, бұл - қылмыс», - деп жазған, Мұндай жағдайды жылқылар да көтере алмаған, сол себепті ПХК қызметкерлері жұмыс істеу үшін әлдеқайда төзімді өпздерді жіберулерін сұраған Депортациялық саясаттың қатал жағдайында Қазақжеріне ешбір дүние-мүліксіз көшіп келген халықтардың жан сақтауы тек қазақ халқының туыскандық көмегінің арқасында ғана мүмкін болды, Қазақ халқы аштық нәубеті мен саяси қуғын-сүргін қасіретін басынан өткерсе де, басын қауіп-қатерге тіге отырып, қолындағы соңғы нанымен бөлісіп, тағдыр талкепне түскен халықтарға ең қиын сәттерде қол ұшын беріп, баға жетпес көмек көрсетті.

Зорлықпен кешірілген халықтар қилы заманда Қазақ өлкесінен пана тауып қана қойған жоқ, бастарынан қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, өздері және ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты. Олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды, кепілді Қазақ өлкесінен өзіне лайықты орын тапты.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Садықов М.К. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, 2005. – 428 с.

2. Абуов Н. А. Депортация народов в Казахстан в 1936-1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской области). – Автореф. диссертации на соискание ученой степени кандидата ист. наук Караганда, 2008. -30 б

3. ҚР Президентінің мұрағаты, 708-қор, 5\2 жазба, 187-іс, 28 п., 28-б. Источник: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8799/>

## ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫ ОҚИТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Аманкелді К.Р., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Отандық тарихты Жоғарғы оқу орындарында оқытудың әдістемесінің міндеттері оның мазмұны мен педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орнына байланысты болады. Әдістеме оқытушыларды тиімді тарихи білім беруге қажет оқытудың мазмұнымен және педагогикалық құралдармен, біліммен және іскерліктермен қаруландырады.

Тарихты оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының әр түрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. Кеңестік кезеңге дейінгі жоғарғы оқу орындарында тарихты оқытуда көптеген объективтік жетістіктер болғанымен, оның мазмұнында орыстың шовинизм, ұлы державалық астамшылық басым болды. Қазақстандағы ЖОО өзінде Қазақстан тарихына қатысты мәселелер оқытылмады. Кеңестік кезеңде тарих пәнінің мазмұнында жоғарыда аталған саяси белгілер коммунистік, таптық сипат алды. Ол кезеңдегі тарихты оқытудағы мақсат маркстік-лениндік дүниетанымға негізделін, коммунистік идеяларға бағытталды. Бүгінгі таңда бүкіл елімізде жүріп жатқан ұлттық мемлекетті нығайту жолындағы игі істер, жаңалықтар өте көп. Солардың ішінде ең бастысы әрбір халықтың тарихын, тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне, әдет-ғұрпына, жалпы рухани мұрасына зор құрметпен қарау мәселесі болса керек. Міне, осындай қамқорлықтың бір көрінісі 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес дайындаған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасу тұжырымдамасы» болды. Онда Отандық тарихты оқытудың басымдықтары, негізгі проблемалары айқындалды. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанда жаңа әлеуметтік-саяси ахуал қоғамда да, оның азаматтарының санасында да үлкен сілкініс туғызды. Дүниеге, халық пен оның тарихына деген көзқарас та түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егеменді ел болып, іргелі дамуға тұғыр болатын ұлттық сананың ұстанымды ерекшеліктерін айқындау қажеттігі туды [1].

Осы орайда тарихты тану үдерісі фактіні меңгеруден басталады. Тарихи фактінің ерекшелігі – оның қайталанбайтындығында, оны бақылаудың мүмкін еместігінде. Сондықтан, қандай да болмасын тарихи факт туралы студенттің түсінігін қалыптастыру үшін студенттің қазіргі замандағы заттар мен құбылыстар туралы білімімен байланыстыру қажет. Қазіргі таңдағы ақпараттық техникалардың жетістіктерін ескеретін болсақ, тарихи фактілерді көзмен көрсету мүмкіндіктері өте зор. Сондай – ақ студенттердің де осы тұрғыда мүмкіндіктері өте үлкен және бұл заманның талабына сай келеді.

Соңғы кезде білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес оқу үдерісінде электронды ақпараттық құралдардың пайдаланылуы және бұған қоса Отандық бағдарламалық құралдардың шетелдік үлгіде тиімді қолданылуы біздің елімізде жалпы жұртшылықтың қызығушылығын арттырып отыр. Сондықтан ғалымдар оқыту процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесін жан-жақты қарастыруда. Оның ішінде электронды кітапхана, электронды басылымдар, электронды оқулықтар және т.б. Интернет ресурстарын жан-жақты меңгеру мүмкіндіктері пайда болды, қашықтық оқыту орталықтарына шығу жолдары анықталды. Міне, осындай жағдайларда жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында пәнді оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндіктер жасалуда.